

«БЕКІТІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері
қызметінің төрағасы



Р.Б. Есеналин

2026 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Астана қаласының дене шынықтыру
және спорт басқармасының басшысы



В.А. Левит

2026 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Грек-рим, еркін және әйелдер күресі
федерациясының бас хатшысы



Д.А. Бекбосынов

« 2026 ж.

**Грек-рим, еркін және әйелдер күресінен
17 жасқа дейінгі юниорлар және 20 жасқа дейінгі жастар
арасындағы Қазақстан Республикасы чемпионатының
ЕРЕЖЕСІ**

Астана қаласы, 2026 жыл

Астана қаласы, 2026 жыл

**1-БӨЛІМ. Спорттық жарыстардың атауы,
спорттық жарыстың өткізілу орны мен күні, спорттық жарыстарға
қатысушылардың келу және қайту күндері**

1.1 Грек-рим, еркін және әйелдер күресінен 17 жасқа дейінгі юниорлар және 20 жасқа дейінгі жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Чемпионаты).

1.2 Қазақстан Республикасы Чемпионаты 2026 жылғы 21 ақпан – 02 наурыз аралығында Астана қаласы, «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешенінде (Тұран даңғылы, 59) өтеді.

1.3 Қатысушылардың келу күні – 2026 жылғы 20 ақпан, қайту күні – 2026 жылғы 03 наурыз.

1.4 Қазақстан Республикасы Чемпионаты Халықаралық грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының (UWW – United World Wrestling) қолданыстағы күрес ережелеріне және осы Ереженің талаптарына сәйкес өткізіледі және оның барысында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы №74 бұйрығымен бекітілген спорттық іс-шараларды өткізу қағидалары сақталуы тиіс.

1.5 Қазақстан Республикасы Чемпионаты аясындағы кездесулер «BlockChain» арқылы түскен нөмірлерге сәйкес өткізіледі.

1.6 Екі финалистке жеңілген палуандар жұбаныш кездесулерге қатысады. Жұбаныш кездесулер екі бөлек топта өткізіледі: бірінші финалистке жеңілген палуандар тобы және екінші финалистке жеңілген палуандар тобы. Жұбаныш кездесулерді бірінші айналымда бірінші болып екі финалистердің біріне жеңілген палуандар бастайды (соның ішінде идеалды санға жету үшін кездесулерді де) және тікелей іріктеу жүйесімен жартылай финалда жеңілген палуандар аяқтайды. Екі жұбаныш тобының жеңімпаздары қола медаль иеленеді.

1.7 Медициналық бақылау және салмақ өлшеу рәсімі сол салмақ дәрежесіндегі жарыс күні таңертең өтеді.

Ескерту: Бас төрешінің шешімі бойынша, жеребе тарту спортшылардың салмағы өлшенгеннен кейін жүргізілуі мүмкін.

1.8 Квалификациялық, жұбаныш және финалдық кездесулер осы Ереженің 1-қосымшасында берілген бағдарламаға сәйкес өткізіледі.

1.9 Қазақстан Республикасы Чемпионатын трансляциялауға қатысты барлық құқықтар «Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РҚБ-ға (бұдан әрі – Федерация) тиесілі.

**2-БӨЛІМ. Қатысушы ұйымдар,
жарысқа қатысушылардың сандық құрамы**

2.1 Қазақстан Республикасы Чемпионатында Қазақстан Республикасының азаматтығы бар, белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктің өкілдері болып табылатын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ресми түрде өкілдік ететін, сондай-ақ белгіленген мерзімдерде Ереженің талаптарына сәйкес қажетті құжаттарды ұсынған спортшылар қатыса

алады.

2.2 Қазақстан Республикасы Чемпионатына қатысушылар ашылу, жабылу және марапаттау салтанаттары кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге және белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

2.3 Команданың сандық құрамы: әр күрес түрінен 20 спортшы, 5 жаттықтырушы, 2 төреші, 1 өкіл.

2025 жылғы U17 және U20 арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында командалық рейтингте алғашқы үштікке енген өңірлерге командалардың сандық құрамын 25 спортшыға дейін өзгертуге рұқсат етіледі. Сондай-ақ, командалық рейтингте соңғы үш орынды иеленген өңірлер үшін команда құрамындағы спортшылар саны 15 спортшыдан аспауға тиіс.

Ескерту: Бір өңірден қатысатын команда құрамында бір салмақ дәрежесінде 3 (үш) спортшыдан артық ұсынуға рұқсат етілмейді.

2.4 Бір спортшы тек бір аймақ атынан және белгілі бір жас және салмақ дәрежесінде (ресми салмақ өлшеу кезіндегі салмағына сәйкес) қатысуға құқылы.

2.5 Қазақстан Республикасы Чемпионатына UWW бекіткен келесі жас ерекшеліктері және салмақ дәрежелері бойынша спортшылар қатыса алады:

Жас ерекшеліктері:

U17 юниорлар: 16-17 жас, немесе ата-анасының және дәрігердің жазбаша рұқсатымен 15 жастан бастап;

U20 жастар: 18-20 жас, немесе ата-анасының және дәрігердің жазбаша рұқсатымен 17 жастан бастап;

Ескерту: 18 жасқа толмаған спортшылар үшін ата-анасының нотариалды куәландырылған сенімхаты міндетті болып табылады.

Салмақ дәрежелері:

U17 юниорлар:

Грек-рим күресі: 45, 48, 51, 55, 60, 65, 71, 80, 92, 110 кг;

Еркін күрес: 45, 48, 51, 55, 60, 65, 71, 80, 92, 110 кг;

Әйелдер күресі: 40, 43, 46, 49, 53, 57, 61, 65, 69, 73 кг.

U20 жастар:

Грек-рим күресі: 50, 55, 60, 63, 67, 72, 77, 82, 87, 97, 130 кг;

Еркін күрес: 52, 57, 61, 65, 70, 74, 79, 86, 92, 97, 125 кг;

Әйелдер күресі: 45, 50, 53, 55, 57, 59, 62, 65, 68, 72, 76 кг.

Ескерту: Спортшылар жарысқа таза салмақпен қатысады.

2.6 Спортшылар Қазақстан Республикасы Чемпионатына тек команда құрамында төреші болған жағдайда ғана қатыса алады.

2.7 Қазақстан Республикасы Чемпионаты барысында төрешілік қызметін атқаруға жарыстың бас төрешісі ұсынған және Федерациямен келісілген тізімге енгізілген төрешілер ғана жіберіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Чемпионатында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен халықаралық дәрежедегі, ұлттық спорт төрешілері мен жоғары санатты ұлттық спорт төрешілері, сондай-ақ жарыс өтіп жатқан кезеңде аттестаттау куәлігінің мерзімі аяқталмаған төрешілер төрелік ете алады.

2.8 Егер белгілі бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың құрамында болатын спортшы Қазақстан аумағында бір ұйымнан екінші ұйымға (яғни бір өңірден екінші өңірге) ауысқан болса, онда бұл ауысу Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 25 шілдедегі №288 бұйрығымен бекітілген тәртіпке және «Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РҚБ-нің «Спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына ауысуы туралы» қағидасына сәйкес жүргізілмесе, мұндай спортшыға Қазақстан Республикасы Чемпионатына қатысуға рұқсат берілмейді.

3-БӨЛІМ. Медициналық-санитарлық және допингке қарсы қамтамасыз ету

3.1 Қазақстан Республикасы Чемпионатын өткізу кезінде медициналық қызмет келесідей ұйымдастырылады:

- спортшыларға медициналық көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасы Чемпионатын медициналық қызметкерлермен және қажетті дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Туризм және Спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті мен Ұлттық спорттық медицина және оңалту орталығына жүктеледі;

- қажет болған жағдайда спортшыларға шұғыл медициналық көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасы Чемпионатын өткізу кезінде жедел жәрдем кезекші көлігімен қамтамасыз ету Астана қаласының спорт басқармасына жүктеледі;

- Қазақстан Республикасы Чемпионаты өтетін жерде санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалау, «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешенінің әкімшілігіне жүктеледі.

3.2 Қазақстан Республикасы Чемпионатына қатысушыларды медициналық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №361 бұйрығымен бекітілген Спорттық іс-шараларды өткізу кезінде, спортшылардың денеге аса күш түсіруінен, ауруларынан және жарақаттануларынан кейін қалпына келтіру іс-шаралары кезеңінде спортшылар мен жаттықтырушыларды медициналық қамтамасыз ету және оларға медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3.3 Барлық спортшылар Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (WADA) Дүниежүзілік допингке қарсы кодексінің ережелерін және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №18 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының допингке қарсы қағидаларын сақтауы тиіс.

3.4 Егер спортшылар тарапынан WADA Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі мен Қазақстан Республикасының допингке қарсы қағидаларында көзделген бұзушылықтар анықталса, сондай-ақ спортшы допинг-сынамадан өтуден бас тартқан немесе сынаманы тапсырмаған жағдайда, оларға қатысты тиісті санкциялар қолданылуы мүмкін.

4-БӨЛІМ. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі, қаржыландыру шарттары

4.1 Чемпионатқа қатысуға алдын ала өтінімдер басталуға 15 (он бес)

күнтізбелік күн қалғанға дейін office@wrestling.kz электрондық мекен-жай бойынша қабылданады.

**Қосымша сұрақтар бойынша келесі байланыс телефондары арқылы хабарласуға болады: Қазтаев Қайрат Серікұлы +7 707 645 97 66.*

4.2 Чемпионат басталар алдында, мандаттық комиссия отырысына дейін қатысушылар міндетті түрде келесі құжаттарды ұсынулары қажет:

- осы ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жалпы командалық өтінім;
- спортшының жеке басын куәландыратын құжат немесе оның цифрлық нысаны (жеке куәлік, төлқұжат, туу туралы куәлік), оның ішінде eGov порталынан алынған құжаттардың басып шығарылған нұсқасы;
- жарыстарға қатысуға медициналық рұқсаттама және/немесе жазатайым жағдайдан сақтандыру полисі;
- өңірлік іріктеу хаттамасы.

4.3 Жоғарыда көрсетілген құжаттарды уақтылы ұсынбаған спортшылар Қазақстан Республикасы чемпионатына қатысуға жіберілмейді.

4.4 Чемпионатты ұйымдастыру мен өткізуге жалпы басшылықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті, «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК, «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК, Астана қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы мен «Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РҚБ жүзеге асырады.

4.5 Чемпионатты өткізуге арналған шығыстар келесі ұйымдар есебінен өтеледі:

- **Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті** Қазақстан Республикасы Чемпионатын өткізу кезінде спортшыларға медициналық көмек көрсету үшін медициналық қызметкерлермен және қажетті дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етеді;

- **Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК** жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау үшін медальдармен, дипломдармен және кубоктармен қамтамасыз етуге, Чемпионат барысында төрешілік қызметті атқаратын төрешілердің еңбек ақыларын төлеуге қатысты шығындарды өтейді;

** Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК Чемпионат барысында төрешілік қызметті атқарған ұлттық санаттағы төрешілердің нақты (факті бойынша) қызмет күндері бойынша еңбек ақыларын төлейді (күрес түрлеріне бөлмей).*

- **Астана қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы** Қазақстан Республикасы Чемпионатын өткізу кезінде жедел медициналық жәрдем көлігімен және кезекші бригадалармен қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасы Чемпионаты

өтетін жарыс залын безендіруге (баннерлер, сахна, табло, ролл-аптар), сондай-ақ ашылу салтанатын ұйымдастыруға және марапаттау кезінде имидж-топтың болуына қатысты шығындарды өтейді;

- **«Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РҚБ** Қазақстан Республикасы Чемпионаты өтетін спорт кешенін жалға алуға, Қазақстан Республикасы Чемпионаты өтетін жарыс залын безендіруге (техникалық жабдықтар, помост, күрес төсеніштері және т.б.), Қазақстан Республикасы Чемпионатын трансляциялауға, Қазақстан Республикасы Чемпионаты туралы ақпаратты жарнамалауға, полиграфиялық өнімдермен (бағдарлама, аккредитация, шақыртулар, алғыс хаттар және т.б.) қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасы Чемпионаты өтетін орында интернет желісін орнатуға, ашылу салтанатын ұйымдастыруға, жарыс барысында тазалық сақтауға (клининг), бас хатшы мен техникалық маманның болуын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасы Чемпионатын волонтерлермен қамтамасыз етуге, олардың тамақтануын және трансферін ұйымдастыруға, оларды қажетті киіммен (футболкалармен немесе күртешелермен) қамтамасыз етуге, сондай-ақ ұйымдастырушылардың тамақтануын ұйымдастыруға және ашылу күні кейтеринг қызметін қамтамасыз етуге байланысты шығыстарды өтейді.

- **Жіберуші ұйымдар (Қазақстан Республикасы Чемпионатына қатысатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары, спорт ұйымдары)** Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес спортшыларды, жаттықтырушыларды, төрешілерді және ресми өкілдерді іссапарға жіберуге байланысты шығыстарды (жол ақысы, тәуліктік шығындар, тамақтану, тұру) өтейді.

5-БӨЛІМ. Спорттық жарыстың

жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау тәртібі

5.1. Қазақстан Республикасы Чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімі салтанатты түрде өткізіледі.

5.2. Марапаттау рәсіміне өз салмақ дәрежесінде жеңімпаз және жүлдегер атанған төрт спортшы қатысады. Олар тиісті дәрежедегі медальдармен және дипломдармен марапатталады.

5.3. Командалық есеп бойынша 1, 2 және 3 орын алған командалар сәйкесінше кубоктармен марапатталады.

5.4. Марапаттау рәсіміне негізсіз себепсіз қатыспаған тұлғалар өз марапаттарынан айрылады және олардың спорттық нәтижелері жойылады.

6-БӨЛІМ. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау

6.1. Қазақстан Республикасы Чемпионаты барысында өтетін кездесулерге қатысты даулар ресми жазбаша наразылық білдіру арқылы жарыстың төрешілер алқасына жолданады және Халықаралық грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының (UWW – United World Wrestling) қолданыстағы ережелеріне сәйкес қаралады.

Бұл Ереже Қазақстан Республикасы Чемпионатына ресми шақыру болып табылады. Оған тек «Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РҚБ тарапынан өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер енгізілген жағдайда, жаңартылған нұсқасы Қазақстан Республикасы Чемпионатының басталуына кемінде 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда Қазақстан

Республикасының өңірлеріне таратылуы тиіс.

1-қосымша

**Грек-рим, еркін және әйелдер күресінен U17 және U20 арасындағы
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ**

Астана қаласы

21.02.-02.03.2026 жыл

БАҒДАРЛАМАСЫ		
КЕЛУ КҮНІ 20.02.2026 ж. Жұма	15:00 дейін	Грек-рим күресі U17 соңғы өтінімдер қабылдау
	15:30 – 16:00	Төрешілер мен жаттықтырушылар жиналысы
1 күн 21.02.2026 ж. Сенбі	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Грек-рим күресі U17 45, 51, 60, 71, 92 кг
	10:30 – 15:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Грек-рим күресі U17 45, 51, 60, 71, 92 кг
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Грек-рим күресі U17 45, 51, 60, 71, 92 кг
	17:30 – 18:00	ЖАРЫСТЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ
	18:00 – 21:00	Финалдар және марапаттау рәсімі: Грек-рим күресі U17 45, 51, 60, 71, 92 кг
2 күн 22.02.2026 ж. Жексенбі	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Грек-рим күресі U17 48, 55, 65, 80, 110 кг
	10:30 – 15:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Грек-рим күресі U17 48, 55, 65, 80, 110 кг
	15:00 дейін	Грек-рим күресі U20 соңғы өтінімдер қабылдау
	15:30 – 16:00	Төрешілер мен жаттықтырушылар жиналысы
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Грек-рим күресі U17 48, 55, 65, 80, 110 кг
	18:00 – 21:00	Финалдар және марапаттау рәсімі: Грек-рим күресі U17 48, 55, 65, 80, 110 кг
3 күн 23.02.2026 ж. Дүйсенбі	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Грек-рим күресі U20 55, 63, 72, 82, 97 кг
	10:30 – 15:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Грек-рим күресі U20 55, 63, 72, 82, 97 кг
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Грек-рим күресі U20 55, 63, 72, 82, 97 кг
	18:00 – 21:00	Финалдар және марапаттау рәсімі: Грек-рим күресі U20 55, 63, 72, 82, 97 кг
4 күн 24.02.2026 ж. Сейсенбі	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Грек-рим күресі U20 50, 60, 67, 77, 87, 130 кг
	10:30 – 15:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Грек-рим күресі U20 50, 60, 67, 77, 87, 130 кг
	15:00 дейін	Әйелдер күресі U17 соңғы өтінімдер қабылдау
	15:30 – 16:00	Төрешілер мен жаттықтырушылар жиналысы
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Грек-рим күресі U20 50, 60, 67, 77, 87, 130 кг
	18:00 – 21:00	Финалдар және марапаттау рәсімі: Грек-рим күресі U20 50, 60, 67, 77, 87, 130 кг
5 күн 25.02.2026 ж. Сәрсенбі	08:00 – 09:00	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Әйелдер күресі U17 40, 43, 46, 49, 53, 57, 61, 65, 69, 73 кг
	10:30 – 15:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Әйелдер күресі U17 40, 43, 46, 49, 53, 57, 61, 65, 69, 73 кг
	15:00 дейін	Әйелдер күресі U20 соңғы өтінімдер қабылдау

	15:30 – 16:00	Төрешілер мен жаттықтырушылар жиналысы
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Әйелдер күресі U17 40, 43, 46, 49, 53, 57, 61, 65, 69, 73 кг
	18:00 – 21:00	Финалдар және марапаттау рәсімі: Әйелдер күресі U17 40, 43, 46, 49, 53, 57, 61, 65, 69, 73 кг
6 күн 26.02.2026 ж. Бейсенбі	08:00 – 09:00	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Әйелдер күресі U20 45, 50, 53, 55, 57, 59, 62, 65, 68, 72, 76 кг
	10:30 – 15:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Әйелдер күресі U20 45, 50, 53, 55, 57, 59, 62, 65, 68, 72, 76 кг
	15:00 дейін	Еркін күрес U17 соңғы өтінімдер қабылдау
	15:30 – 16:00	Төрешілер мен жаттықтырушылар жиналысы
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Әйелдер күресі U20 45, 50, 53, 55, 57, 59, 62, 65, 68, 72, 76 кг
	18:00 – 21:00	Финалдар және марапаттау рәсімі: Әйелдер күресі U20 45, 50, 53, 55, 57, 59, 62, 65, 68, 72, 76 кг
7 күн 27.02.2026 ж. Жұма	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Еркін күрес U17 45, 51, 60, 71, 92 кг
	10:30 – 15:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Еркін күрес U17 45, 51, 60, 71, 92 кг
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Еркін күрес U17 45, 51, 60, 71, 92 кг
	18:00 – 21:00	Финалдар және марапаттау рәсімі: Еркін күрес U17 45, 51, 60, 71, 92 кг
8 күн 28.02.2026 ж. Сенбі	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Еркін күрес U17 48, 55, 65, 80, 110 кг
	10:30 – 15:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Еркін күрес U17 48, 55, 65, 80, 110 кг
	15:00 дейін	Еркін күрес U20 соңғы өтінімдер қабылдау.
	15:30 – 16:00	Төрешілер мен жаттықтырушылар жиналысы
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Еркін күрес U17 48, 55, 65, 80, 110 кг
	18:00 – 21:00	Финалдар және марапаттау рәсімі: Еркін күрес U17 48, 55, 65, 80, 110 кг
9 күн 01.03.2026 ж. Жексенбі	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Еркін күрес U20 57, 65, 74, 86, 97 кг
	10:30 – 15:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Еркін күрес U20 57, 65, 74, 86, 97 кг
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Еркін күрес U20 57, 65, 74, 86, 97 кг
	18:00 – 21:00	Финалдар және марапаттау рәсімі: Еркін күрес U20 57, 65, 74, 86, 97 кг
10 күн 02.03.2026 ж. Дүйсенбі	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Еркін күрес U20 52, 61, 70, 79, 92, 125 кг
	10:30 – 15:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Еркін күрес U20 52, 61, 70, 79, 92, 125 кг
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Еркін күрес U20 52, 61, 70, 79, 92, 125 кг
	18:00 – 21:00	Финалдар және марапаттау рәсімі: Еркін күрес U20 52, 61, 70, 79, 92, 125 кг
ҚАЙТУ КҮНІ 03.03.2026 ж. Сейсенбі		

**Грек-рим, еркін және әйелдер күресінен 17 жасқа дейінгі юниорлар және 20 жасқа дейінгі жастар арасындағы
Қазақстан Республикасының Чемпионатына**

_____ құрама командасынан

ӨТІНІМ

Астана қаласы

21.02.-02.03.2026 жыл

№	Спортшының аты-жөні	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	Спорттық атағы, разряд	Салмақ дәрежесі	Жаттықтырушыларының аты-жөні		Дәрігер рұқсаты, мөрі
					Бірінші жаттықтырушысы	Жеке жаттықтырушысы	
1							
2							

Дәрігер _____

Жаттықтырушы _____

Команда өкілі _____

Төреші _____ Дәрежесі _____

Басшысы _____
(қолы) (аты-жөні)